Товарищество с ограниченной ответственностью
Республика Казахстан,
Мангистауская область,
130000,г. Актау, мкр 31 Б,
дом 16, кв 64
БИН 050440019162
ИИК KZ818562203101972386
БИК KCJBKZKX
АО БанкЦентрКредит
тел: 8 778 555 2581
e-mail: Arman.kala.kz@mail.ru

ABACom

Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Қазақстан Республикасы,
Маңғыстау облысы,
130000, Ақтау қ, 31Б ш/а,
16 үй, 64 пәтер
БИН 050440019162
ИИК KZ818562203101972386
БИК KCJBKZKX
АО БанкЦентрКредит
тел: 8 778 555 2581
e-mail: Arman.kala.kz@mail.m

Шығыс № 017
12.04.2018

Маңғыстау облысы бойынша
ішкі мемлекеттік аудит
Департаметінің басшысы
С. Қасымовқа

Шағым

«ABACom» ЖШС-гі, мемлекеттік сатып алу №2238910-1 лот №17372730-ОК1 атауы «Бейнеу селосында газ құбырларын салу (Мендіқұл батыр көшесі)» Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушысы: «Маңғыстау облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» ММ-сі ЖСН: 170640007923 тұрған жерін:130000, Казахстан, ж. Актау, көш. Микрорайон 14, д. 1, ресм. мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператордың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне қатысты Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу» Заңының 47,48 баптарына сәйкес келесіні хабарлайды.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы» Қағидасының, 155-тармағында, егер әлеуетті өнім берушінің бас мердігер ретінде жұмыс тәжірибесі болған жағдайда, конкурстық комиссия сатып алынатын жұмыстар нарығында әлеуетті өнім берушінің тәжірибесі болуының әрбір жылы үшін, оның ішінде конкурс мәні болып табылатын жұмыстардың осындай (ұқсас) түрлері бойынша бір пайыз (1 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Егер әлеуетті өнім берушінің қосалқы мердігер ретінде жұмыс тәжірибесі болған жағдайда, конкурстық комиссия сатып алынатын жұмыстар нарығында әлеуетті өнім берушінің тәжірибесі болуының әрбір жылы үшін, оның ішінде конкурс мәні болып табылатын жұмыстардың осындай (ұқсас) түрлері бойынша нөл бүтін оннан бес пайыз (0,5 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Егер бір жылдың ішінде әлеуетті өнім беруші конкурста сатып алынатын, оның ішінде біреуден артық құрылыс объектісінде осындай (ұқсас) жұмыс түрлері бойынша жұмыстарды орындаған жағдайда, конкурстық комиссия келесі әрбір құрылыс объектісі үшін нөл бүтін оннан екі пайыз (0,2 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді. Егер бұл жұмыстарды әлеуетті өнім беруші қосалқы мердігер ретінде орындаса, конкурстық комиссия келесі әрбір құрылыс объектісі үшін нөл бүтін оннан бір пайыз (0,1 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Егер конкурстың нысанасы құрылыспен байланысты емес жұмыстар болып табылған жағдайда, конкурстық комиссия сатып алынатын жұмыстардың түрлеріне ұқсас (сондай) келесі орындалған әрбір жұмыс үшін нөл бүтін оннан екі (0,2 %) пайыз мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Сонымен қатар, конкурстық құжаттаманың 5-қосымшасына сәйкес, егер конкурстың нысанасы жаңа объектілер салу, сондай-ақ бар объектілерді кеңейту, техникалық қайта жасақтау, жаңғырту, реконструкциялау, қайта жаңарту және күрделі жөндеу болып табылған жағдайда объектілерді пайдалануға қабылдап алу актілерінің электрондық көшірмелері жұмыс тәжірибесін растаушы құжат болып табылады (егер әлеуетті өнім берушінің қосалқы мердігер ретінде тәжірибесі болса орындалған жұмыстарды қабылдау немесе объектіні пайдалануға қабылдау актілерінің электрондық көшірмесі не осы қосалқы мердігер туралы мәліметтер көрсетілген, құрылыс-монтаж жұмыстарының сапасы туралы қорытындыны ұсынады және егер конкурстың нысанасы күрделі жөндеу болып табылса, онда жаңа объектілерді салу, кеңейту, жаңғырту, техникалық қайта жасақтау және қолданыста бар объектілерді реконструкциялау және күрделі жөндеу жұмысының тәжірибесі ескеріледі деп айтылған.

09.04.2018 жылғы №2119087 қорытындылар туралы хаттамасына сәйкес «АВАСom» ЖШС-гі не мүлдем шартты жеңілдік естептелмеген:

Бірақта, «АВАСom» ЖШС-гі тарапынан жұмыс өтіліне толықтай құжат ұсынылды:

1*(Строительство газопровода из стальных труб ф.57*4мм от ГЗУ-1 до котельного поселка , протяж.600м на месторождении северо- западный Жетыбай* ***қабылдау актісі:20.12.2015 жылғы)1%***

2*(Строительство газопровода в Костанайской области п.Краснооктябрьск2* ***қабылдау актісі:26.12.2016 жылғы)1%***

3*(Строительство газопровода ГЗУ-1 до СКВ.П-2 общей протяженностью 3,2 км м/р Северо-Западный Жетыбай* ***қабылдау актісі:11.12.2017 жылғы)1%*** негізсіз есептелмеген.

Сонымен бірге, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы» Қағидасының, 157-тармағында егер әлеуетті өнім берушіде сапа менеджменті жүйесінің ұлттық стандартқа сәйкестігін растайтын, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұсынылған тауарларды өндірушіге, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді орындаушыға берілген құжат болған кезде, конкурстық комиссия екі пайыз (2 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді. 158. Егер әлеуетті өнім берушіде қоршаған ортаны басқару менеджменті жүйесінің ұлттық стандартқа сәйкестігін растайтын, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұсынылған тауарларды өндірушіге, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді орындаушыға берілген құжат болған кезде, конкурстық комиссия бір пайыз (1 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Алайда, сапа менеджмен және қоршаған ортаны басқару менеджментінеде мүлдем шартты жеңілдік есептелмеген.

Сонымен қатар, жеңімпаз болып танылған «МаңғыстауИнфраструктура» ЖШС-гі тарапынан қосалқы мердігері ретінде ұсынылған «Радифон» ЖШС-гі тартылмаған яғни жалған құжат ұсынылған.

Яғни, 09.04.2018 жылғы №2119087 қортынды туралы хаттаманы қайта қарап әділетті шешім шығаруды сұраймыз.

Директор **Т. Абдихалыков**